

Алдыңғы буын ағаның өмір мектебі кейінгінің кемел болуына бағдар болса, жақсылықтың жұғысты болғандығы. Демек, ұрпақ сабақтастығы, тәрбиенің тағылымдылығы осы емес пе?!



кешке өзі бас болып қатысқан. Осы іс-шараның сәтті өткендігін айтып келе жатқанда, кешке қатысушы Серікқали Шарабасов ұстазым: «Азаматжан, мен Қазыбай ағанды бұрыннан білемін» дей келіп, «...жұмысты жаңадан бастаған кезімде Почиталин көшесінде пәтерде тұрдым, сол пәтердің бір жағында студент Қазыбай да тұрды. Өнерге жақын, әнші, бастысы алғыр еді. Оның озғандығы да осы қасиеттерінде» дегені есімде.

Тағы бір айта кетерім, Қазыбай Қараұлының кісілігі, өмір жолы жайында кеңірек білгісі келетіндерге Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың профессоры, әріптесінісі Өтеген Таубаевтың «Орал өңірі» газетінің осы быылғы 15 ақпан күнгі нөмірінде жарияланған «Осы өлкеге өмір бойы қарыздармын» атты мақаласын («О», №14 15.02.2024 ж.) қарап шығуға кеңес береміз.

Біздің мақсатымыз – жаңа Қазақстан жастарына Батыс Қазақстан облысындағы бірегей тұлға, ұстаз-ғалым Қазыбай Бо-

Ақыл мен қайратын тең ұстаған

АЗАМАТ

Біз білгенде ат жалын тартып мінгеннен бері өмірлік ұстанымынан айнымай, сол жолда бар қиындықтарды еңсеріп, мұратына Абай айтқан «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» адами қасиеттерімен жеткен өмірдің өзі сомдаған кейіпкеріміз белгілі ғалым, қоғам қайраткері – Бозымов Қазыбай Қараұлы.

«Шамның жарығы түбіне түспейді» деген сөз бар. Біз көбіне қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық оң өзгерістерді, мәдени ілгерілеулерді тым жоғарыдан, ресми биліктің пәрменімен ғана жүзеге асып жатқан дүниелер тұрғысынан қарайтынмыз бар. Бұл – ел басқару жүйесіндегі ұзақ жыл қалыптасқан ахуалдың бұқара санасындағы көрінісі. Шынтуайтында, өңірдің өркендеуіне локомотив болып жүрген тұрғылықты, осы елдің азаматтары. Солардың бірі әрі бірегейі – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Бозымов Қазыбай Қараұлы.

Ел тәуелсіздік алған тұстағы экономикалық тоқырау ауылдың тірлігін шатқаяқтатып, күнкөріс қамымен ел тұрғындары қалаға қарай ағылғаны белгілі. Осының бір белгісіндей, Орал қаласының батысында ауылдық жерден көшіп келген жұрт «Қазақ ауылы» деген ауыл қалыптастырды. Егеменді ел болып жатқанда қаланың ұлттық келбеті мен статистикалық саны көшіп келушілердің есебінен безбеннің басын басқанымен, шешілмеген шаруа шаш етекпен еді.

Осы мәселенің оң шешілуіне көп жыл облыстық мәслихат депутаты болған Қазыбай Қараұлының сіңірген еңбегі зор. Атап айтсақ, Круглоозерный ауылдық округінің қалаға қараған жағы, «Тәжірибе» шаруашылығы, СМП елді мекені, Жақсы ауыл, Арман, Кеңдала, Ипподром, Көктем сынды шағынаудандарда тұрып жатқан жұрттың жолынан бастап, ауыз су, газ, электр желілері, балабақша, мектеп, емхана, аурухана тағы да басқа тұрмыстық қажеттіліктерінің дұрыс шешім табуында Қазекеннің табандылығы, іскерлігі, азаматтығы анық көрініп тұр.

Облыстық мәслихаттағы бюджетті жоспарлау, экономика және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы ретінде қызмет істеген жылдары Қазыбай Қараұлы бір ғана өзі сайланған аумақтың аманатын арқалап қана қоймай, облыстың тыныс-тіршілігін тамыршыдай тап басып, басымдықты ел еңсесін тіктейтін, күре тамырына қан жүгіртетін бағыттарға беріп, қазына қаражатының игі істерге бөлінуіне мұрындық болды.

Қазыбай Қараұлының өмір жолында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің орны ерекше. Балалық арманын қанаттандырған білімнің қара шаңырағы араға жылдар салып көш бастайтын ағалыққа да жеткізді. Қазекен де өмірлік шарқайрағына айналған университетіне қарыздар болып қалған жоқ. Университеттің 2002-2014 жылдар аралығын қайта өрлеу, ренессанс дәуірі деп тануға болады. Бұл тікелей ректор Қазыбай Қараұлының басшылығымен жүзеге асқан жемісті жылдар болатын.

Жаңа мыңжылдықтың басында ел «СХИ» деп білетін оқу ордасы ат шаптырым аумағы қоршалмай, сұрқай тартқан оқу корпустары мен алды кешеленіп үлгерген жатақханалары, асханасы, тозығы жеткен шаруашылық кешені мен ветклиникасы бар шағын қалашық еді. Бүгінгі үлкен мәнге ие жаңа атау, менмұндалап тұрған жаңа гимназиялар, жайқалған гүлзар бақ пен қарағайлы алқап, бүткіл аумақты бекітіп тұрған сәнді шарбақ, бай материалдық база бір сөзбен айтқанда, барлығында Қазыбай Қараұлының қолтаңбасы жатыр.

«Ерден ердің несі артық, сөзі менен кісі артық» дейді халқымыз. Кімге, қашан, қалай айтуды білетін, сөйлесе қызыл тілдің шешені, Қазыбай Қараұлы ісімен де артылған тұлға. Мұны университеттің тарихымен байланыстырып айтқан дұрыс болар. Университет көрсеткішін ректорларымен бірлікте алып қарайтын болсақ, онжылдықтарда білім ордасы біраз жетістіктерге жеткендігін байқаймыз. Дейтұрғанмен университеттің ғылыми әлеуетінің ерекше дамып, республикадағы жетекші жоғары оқу орындарымен иық теңестіруі Қазыбай Қараұлы басқарған жылдармен байланысты. Сөзімізге бір ғана дәйек, агрономия мен зоотехника ғылымдарының басын біріктіріп, кандидаттық және докторлық диссертация қорғайтын халықаралық ғылыми ке-

ңес құрып, соған төрағалық ету университетті басқарған ректорлар тарихында Қазыбай Қараұлының ғана қолынан келген іс болды.

Университетке Жәңгір ханның атын беріп, бас ғимараттың алдына жас баланы болашаққа бастап бара жатқан хан Жәңгірдің мүсінін орнату үлкен символикалық мәнге ие болса, ауыл шаруашылығы саласының өркендеп, білікті мамандармен толығына бар күш-жігерін салып, ғылыми мектеп қалыптастырған, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің құрметті ректоры Қазыбай Қараұлы Бозымовтың өмірін өнеге ету де тағылымдық мәнге ие.

«Айналайын, Ақ Жайығымның азаматтары» деп сөз бастайтын Қазыбай Қараұлының туған жері – Қызылорда облысының Арал ауданына қарасты Тастүбек деген теңіз іргесіндегі шағын елді мекен. Қазекеннің алғашқы мүшел жасқа дейінгі балалық шағы осы Тастүбек ауылы мен Сексеуіл қалашығында өтті. Елдің айтуына қарағанда, Тастүбек Арал теңізінің шалқып жатқан кезінде бекіре балығы мекендейтін табиғаты ерекше жер болған.

Нұптілде әке мен Бибайша ағаның шаңырағында Қазыбай ортаншы бала. Ағасы Шамшырақ, қарындасы Күлпәш. Үлкендерден естігеніміз Нұптілдені жеңгелері Қара атап, азан шақырып қойған есімі ұмытылып, ел осылай атап кеткен.

Қазекеннің қарындасы Күлпәш біздің жақын ағамызға тұрмысқа шығып, кейін қызына қыдырып келген Бибайша апаны атаанам талай қонаққа шақырған, қасында үнемі құрдасым Қазтай немересі болатын. «Қазтайды ортаншы балам Қазыбай ағасына есімін ұқсатып әдейілеп қойдым. Қазыбайжаным әкесінен жастай айырылып, ерте есейді. Қазір Орал жағында, әкесінің қарындасы қамқорлап оқытты, жұмыста...» деген әңгімелері бала болсақ та есімізде қалыпты.

Сексенінші жылдардың ортасында үнемі жарқырап жүретін Күлпәш жеңгем аяқ астынан ауырып қайтты. Қаралы жиында өмірден ерте өтіп бара жатқан бауырын жоқтап өлең оқыған кісіні «Күлпәштің Оралдан келген ағасы Қазыбай» деп жатты. Өлеңнің әсері ме, балалық та бар шығар қол соғып жібердім... Қарындасының қазасына келген Қазыбай ағаны алғаш көруім – осы.



Қазекеннің ақынжанды адам екенін, әдебиетті жақсы көретініне кейінірек көзім әбден жетті. Ректор болып тұрған кезінде белгілі әдебиеттанушы ғалым Мәтжан Тілеужановты еске алу кешін өткізуді сұрағанымызда, бірден келісімін беріп, «Қазақ әдебиетін тек сол мамандықта оқып жатқан студенттер ғана біліп қоймауы керек, жоғары білім алып жатқан барша қазақ жастары білгені дұрыс» деп, сол

зымовтың өнегелі өмір жолын насихаттау, оқырманға оймақтай ой салу, жақсылықтың жұғысты болуын қалау. Ақыл мен қайратты тең ұстаған адам мұратқа жететіндігін шынайы өмірдің өзінен алып суреттеу.

Азамат МАМЫРОВ,
Батыс Қазақстан
инновациялық-технологиялық университетінің
профессоры,
Орал қаласы

